

Мұндай байрақты доданы өткізу Екібастұз қаласының еншісіне үнемі тие бермейді. Сөз, әрине, 2002-2003 жылдары туған ересек жасөспірімдер арасындағы бокстан Қазақстан Республикасы чемпионаты жайлы. 26 қаңтар күні «Жасыбай» спорттық-сауықтыру кешенінде біріншіліктің ақтық жекпе-жектері болып, жеңімпаздар анықталды.

Ж.ЖӘЛЕЛҰЛЫ

# Болашаққа Баспалдақ



Чемпионаттың қола жүлдегері  
екібастұздық Қанат Турабеков



ды місе тұтты. Екібастұздықтар қонақжай екен. Ол үшін рахмет, - дейді Қарағанды обылысы командасын бастап келген Серік Елеуов. Заманында рингте жасындай жарқыраған Серік бауырымыз Афины Олимпиадасында қола жүлдегер болғанын жұрт жақсы біледі.

Алтын саны жағынан Қарағандыдан Павлодар облысы да қалыспады. Ерболат Сабыр (48 келі) және Алмаз Узыханов (50 келі) чемпион болды. Екібастұздық өрендері ішінен №26 қазақ мектебінің оқушысы Қанат Турабеков 54 келі

цетің еңбегін 4 деп бағалауға болады. Сөз арасында чемпионатты біздің аймақта өткізуге сенім білдіргені үшін Қазақстан Республикасы бокс федерациясына ризашылық білдіремін, - дейді сұхбаттасқан сәтте Азамат Мақажанов – Павлодар облысы бокс федерациясының атқарушы директоры. Азамат – кезінде кадеттер арасында әлем чемпионы болған әйгілі боксшы.

Енді өзге де салмақтарда жеңіс тұғырына көтерілген

жеңімпаздарды атайық: Ерасыл Таңқай (Алматы қаласы, 52 келі), Диас Молжігітов (Қызылорда обл, 57 келі), Мейіржан Айдар (Алматы облысы, 60 келі), Илья Кисилев (Батыс Қазақстан облысы, 66 келі), Ерасыл Жақпеков (Шығыс Қазақстан облысы, 70 келі), Азамат Набатов (Маңғыстау облысы, 80 келі) және Аманат Сабырғали (Атырау облысы, 80 келіден жоғары).

Дәстүр бойынша чемпионат соңында үздіктер анықталды.



**Әскерилер арасындағы әлем чемпионы Азамат Мақажанов пен Афины Олимпиадасының қола жүлдегері Серік Елеуов**

Сол ақтық айқастар алдында еліміздің жасөспірімдер құрамасының аға бапкері Қайрат Сәтжановпен әңгімелесудің сәті түсті.

Чемпионатқа аймақтық іріктеу жарыстарында жүлдегер болған 174 жас боксшы қатысып жатыр. Келешегінен үміт күттіретін былғары қолғап шеберлері осындай дода-ларда жетіледі. Бес күннің ішінде Шығыс Қазақстан облысы боксшысы Ерасыл Жақпеков өзін тамаша қырынан көрсетті. Ол ақтық айқасқа шейінгі жекпе-жектерін айқын басымдылықпен ұтты. Финалдағы қарсыласы жүдырықтасудан бас тартты. Ерасылдың соққысы тым ауыр, осы бетінен таймаса, биік шыңнан көрінері даусыз. Жалпы, бокс әліппесін жақсы меңгерген балалар бар.

- Жеңімпаз бозбалалар ерекше назарда болатын шығар?

- Әрине. Олар құрама командаға қабылданады. Алматы қаласындағы олимпиадашылар резервін дайындау орталығында оқу-жаттығу жиындарына қатысады. Экипировка беріліп, жарыстарға шығады. Облыстық бокс федерациялары қамқорлығына алады. Бұл жағынан Маңғыстау облысы бөріне үлгі. Мұнда жас боксшылар ай сайын 240 мың теңге мөлшерінде стипендия алып тұрады.


Қайрат Тұрсынханұлы әңгімесінде Оңтүстік Қазақстан мен Қарағанды, Павлодар об-

лыстары жас боксшылары тәуір нәтижеге қол жеткізуде деп еді, рингтегі ақтық жекпе-жектер бұл сөзді растады. Мәселен, оңтүстіктен финалға 8 боксшы шығып, соның ішінде Әбдіғалым Әбдікәрім (44 келі), Бейбарыс Пернебек (46 келі), Абзал Серік (54 келі) чемпион атанды. Қарағандылықтар арасында мұндай атаққа Никита Боровиков (63 келі) пен Евгений Приходько (75 келі) қол жеткізді.

- Біз үшін бұл - жақсы көрсеткіш. Сабыржан Ақхалықов 52 келі салмақта екінші орын-

салмақта қола медаль ұтты. Оның жаттықтырушысы - Жұлдыз Садвакасов («Жасыбай»).

- Павлодар облысынан чемпионатқа 14 бала қатысты. 80 және 80-нен жоғары салмақ дәрежелерінде жолдама ала алмадық. Жалпы, чемпионат алдында Павлодар қаласында екі мәрте оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Екі алтын, екі қола медаль еншіледік. Бұл үшін аға бапкер Павел Дыб-



**Рингтегі жекпе-жек**



**Жүлдегерлерді марапаттау сәті**

Астаналық Ақылбек Мұхтаров «Жеңіске деген жігері үшін», батыс қазақстандық Илья Кисилев «Үздік техникалық шеберлігі үшін» аталымдарында марапатталды. Оңтүстік Қазақстан облысы жаттықтырушысы Берік Серікбаев «Үздік бапкер» болып танылды.

Айтпақшы, чемпионат жүлдегерлері мен жеңімпаздарына республикалық спорт комитетінен грамота және медаль тапсырылды. Оған қоса чемпиондар Екібастұз қаласы әкімінің Кубогына ие болды.

Қоштасарда қонақтар: «Екібастұздықтардың риясыз көңіл, шын ықыласы тіптен аязды ұмыттырып жіберді», - деп, алғыс жаудырды. Бұл - чемпионатты жоғары деңгейде өткізе білген ұйымдастырушыларға берілген әділ баға.

**Суреттерді түсірген:**  
**М.Гонтарь**